

ҮЛКЕН АЛТАЙ ӘЛЕМІ
Халықаралық ғылыми журнал

МИР БОЛЬШОГО АЛТАЯ
Международный научный журнал

THE WORLD OF THE GREAT ALTAI
International research journal

Журнал үш айда бір рет шығады
Журнал выходит один раз в три месяца
The journal is published once in three months

6 (4) 2020

**Бас редакторы – Халықаралық редакциялық кеңестің төрағасы - профессор,
заң ғылымдарының кандидаты (PhD) Төлеген Мұхтар Әділбекұлы.**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

*Алексеев А.Н. (бас редактордың орынбасары),
Аубакирова Ж.С., Столярова Е.О., Чжан Е.Е.*

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

*Аблажей Н.Н. (Ресей), Аманжолова Д.А. (Ресей), Балдано М.Н. (Ресей),
Григоричев К.В. (Ресей), Водичев Е.Г. (Ресей), Дятлов В.И. (Ресей), Кабулдинов З.Е. (Қазақстан),
Камалов А.К. (Қазақстан), Каримов Б.Р. (Өзбекстан), Наваанзох Х. Цедев (Монголия),
Пуджол К. (Франция), Самашев З.С. (Қазақстан), Сақтағанова З.Г. (Қазақстан),
Сұлтанғалиева Г.С. (Қазақстан), Тадышева Н.О. (Ресей), Ташагил А. (Түркия),
Щеглова Т.К. (Ресей), Еремин А.А. (Ресей), Лысенко Ю.А. (Ресей), Салихов Р.Р. (Ресей),
Қадыржанов Р.Қ. (Қазақстан), Алимхан А.А. (Қазақстан).*

**Editor in Chief – Chairman of the International Editorial Board - Professor,
Candidate of Legal Sciences (PhD) Tolegen Mukhtar.**

EDITORIAL BOARD:

*Alekseenko A. (Deputy Editor-in-Chief),
Aubakirova Zh., Stolyarova E., Zhang E.*

INTERNATIONAL EDITORIAL BOARD:

*Ablazhei N. (Russia), Amanzholova D. (Russia), Baldano M. (Russia), Grigoriev K. (Russia),
Vodichev E. (Russia), Dyatlov V. (Russia), Kabuldinov Z. (Kazakhstan), Kamalov A. (Kazakhstan),
Karimov B. (Uzbekistan), Navaanzoch H. (Mongolia), Pujol K. (France), Samashev Z. (Kazakhstan),
Saktaganova Z. (Kazakhstan), Sultangalieva G. (Kazakhstan), Tadysheva N. (Russia),
Tashagil A. (Turkey), Scheglova T. (Russia), Eremin A. (Russia), Lysenko Y. (Russia),
Salikhov R. R. (Russia), Kadyrzhanov R. (Kazakhstan), Alimkhan A. A. (Kazakhstan).*

**Главный редактор – председатель Международного редакционного совета - профессор,
кандидат юридических наук (PhD) Төлеген Мұхтар Адильбекұлы**

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

*Алексеев А.Н. (заместитель главного редактора),
Аубакирова Ж.С., Столярова Э.О., Чжан Е.Е.*

МЕЖДУНАРОДНЫЙ РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ:

*Аблажей Н.Н. (Россия), Аманжолова Д.А. (Россия), Балдано М.Н. (Россия),
Григоричев К.В. (Россия), Водичев Е.Г. (Россия), Дятлов В.И. (Россия),
Кабулдинов З.Е. (Казахстан), Камалов А.К. (Казахстан), Каримов Б.Р. (Узбекистан),
Наваанзоч Х. Цэдэв (Монголия), Пужоль К. (Франция), Самашев З.С. (Казахстан),
Сақтағанова З.Г. (Казахстан), Сұлтанғалиева Г.С. (Казахстан), Тадышева Н.О. (Россия),
Ташагил А. (Түркия), Щеглова Т.К. (Россия), Еремин А.А. (Россия), Лысенко Ю.А. (Россия),
Салихов Р.Р. (Россия), Қадыржанов Р.Қ. (Казахстан), Алимхан А.А. (Казахстан).*

Меншік иесі: «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес
акционерлік қоғам

Owner: Non-profit joint-stock company «Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University»

Собственник: Некоммерческое акционерное общество «Восточно-Казахстанский университет име-
ни Сарсена Аманжолова»

The Content – Мазмұны – Содержание

Dear Reader!

Құрметті оқырман!

Уважаемый читатель! 1103

Taimagambetov Zh., Zheleznyakov B.A.

Images of shamans in the rock art of Zhetysu in the context of studying the phenomenon of shamanism in the petroglyphs of Central Asia

Таймағамбетов Ж. К., Теміртас Б. А.

Орта Азия петроглифтеріндегі шаманизм феноменін зерделеу контексіндегі Жетісу жартас өнеріндегі бақылардың бейнелері

Таймағамбетов Ж.К., Железняков Б.А.

Образы шаманов в наскальном искусстве Жетысу в контексте изучения феномена шаманизма в петроглифах Центральной Азии 1106

Umitkaliyev U. U.

Problems of the continuity of the burial traditions of the saks - sakha– kazakhs

Үмітқалиев Ұ. Ұ.

Сақ – саха - қазақ жерлеу дәстүрлеріндегі сабақтастық мәселесі

Умиткалиев У. У.

Проблемы преемственности погребальных традиций саков – саха – казахов 1126

Zhumatayev R. S.

The horse in the worldview of the ancient nomads of the Kazakh steppes: problems of cultural and historical continuity

Жұматаев Р. С.

Қазақ даласы ежелгі көшпелілерінің дүниетанымындағы жылқы: тарихи-мәдени сабақтастық мәселелері

Жуматаев Р. С.

Лошадь в мировоззрении древних кочевников казахских степей: проблемы культурно-исторической преемственности 1133

Kozha M., Zhetibaev K.

Sacred places of Kazakh history: Martobe and Kultobe

Кожа М.Б., Жетібаев Қ.

Қазақ тарихының киелі жерлері: Мәртөбе және Күлтөбе

Кожа М.Б., Жетібаев К.М.

Сакральные места казахской истории: Мартобе и Культобе 1162

Schmidt W.

Germans of Kazakhstan in the 1920 – 1930-s: on the issue of the emigration movement (based on the materials of Kazakhstan archives)

Шмидт В.

1920-1930 жылдардағы Қазақстан немістері: эмиграциялық қозғалыс мәселесі (Қазақстан мұрағаттарының материалдары бойынша)

Шмидт В.

Немцы Казахстана в 1920 – 1930 - е годы: к вопросу об эмиграционном дви-

жении (по материалам казахстанских архивов) 1174

Aubakirova Zh. S., Alekseyenko A. N.

Features of the functioning of the sovereign demographic system of Kazakhstan: the defining role of the Kazakh ethnic group (2009-2019)

Әубәкірова Ж. С., Алексеенко А.Н.

Қазақстанның егеменді демографиялық жүйесінің ерекшеліктері: қазақ этносының шешуші рөлі (2009-2019 жж.)

Аубакирова Ж. С., Алексеенко А. Н.

Особенности функционирования суверенной демографической системы Казахстана: определяющая роль казахского этноса (2009–2019 гг.) 1183

Stolyarova E.

Professional self-realization as a value of Kazakh urban youth

Столярова Э.

Кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру қазақ қалалық жастарының құндылығы ретінде

Столярова Э.

Профессиональная самореализация как ценность казахской городской молодежи 1200

Naurzbayeva Z. Zh.

Traumatic history and its impact on modern Kazakhs in the Talasbek Asemkulov's novel "A Life at Noon"

Наурызбаева З. Ж.

Таласбек Әсемқұловтың «Талтүс» романындағы тарихи травмалар мен олардың қазіргі қазақ халқына тигізген әсері

Наурызбаева З. Ж.

Травмы истории и их влияние на современных казахов в романе Таласбека Асемкулова «Полдень» 1221

Mussaeva E.A.

Development features of the higher educational institutions in Kazakhstan and their characteristics in the educational market

Мусаева Э.А.

Қазақстандағы жоғары оқу орындарының даму ерекшеліктері мен оның білім беру нарығындағы сипаты

Мусаева Э.А.

Особенности развития высших учебных заведений Казахстана и их характеристика на рынке образования 1233

UDC: 314**Features of the functioning of the sovereign demographic system of Kazakhstan: the defining role of the Kazakh ethnic group (2009-2019)****Aubakirova Zhanna Sakenovna**

Candidate of Historical Sciences, Director of SIC «Altaytanu», Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan, e-mail: zhanna_aubakirova707@inbox.ru

Alekseyenko Alexander Nikolaevich

Doctor of Historical Sciences, Chief Researcher of SIC «Altaytanu», Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan, e-mail: alalexeenko56@gmail.com

Annotation. One of the most important criteria for Kazakhstan's independence was the acquisition of not only political, but also demographic sovereignty, which gives the state the opportunity to develop on its own demographic basis. As a result, the problem of forming Kazakhstan's demographic system, the core of which is the Kazakh ethnic group, is of paramount importance. The formation of the sovereign demographic system of the Republic of Kazakhstan occurred not only as a result of demographic evolutions of the Kazakhs, but also changes in the number of other peoples. Therefore, the demographic history of an ethnic group cannot be studied outside the national context. To study the ethnodemographic situation in Kazakhstan in a long-term retrospective, the authors identified four ethnic groups: Kazakhs, Russians, Ukrainians, and Germans. This choice is explained by the fact that these ethnic groups made up the vast majority of the population of Kazakhstan and its regions in all historical periods. They determined and determine the vector of development of both national and regional ethnodemographic processes.

Keywords: ethnodemographic situation, Kazakhs, Kazakhstan, Russians, Ukrainians, Germans.

ӨОЖ: 314**Қазақстанның егеменді демографиялық жүйесінің жұмыс істеу ерекшеліктері: қазақ этносының шешуші рөлі (2009-2019 жж.)****Әубәкірова Жанна Сәкенқызы**

Тарих ғылымдарының кандидаты, «Алтайтану» ҒЗО директоры, Өскемен қаласы, Қазақстан, e-mail: zhanna_aubakirova707@inbox.ru

Александр Николаевич Алексеенко

Тарих ғылымдарының докторы, «Алтайтану» ҒЗО бас ғылыми қызметкері, Өскемен қаласы, Қазақстан, e-mail: alalexeenko56@gmail.com

Аңдатпа. Қазақстан тәуелсіздігінің маңызды белгілерінің бірі мемлекетке өзінің демографиялық негізінде дамуға мүмкіндік беретін саяси ғана емес, демографиялық егемендікке де ие болу болып табылады. Осының салдарынан өзегі қазақ этносы болып табылатын қазақстандық демографиялық жүйенің қалыптасу мәселесі бірінші дәрежелі мәнге ие болып отыр. Қазақстан Республикасының егеменді демографиялық жүйесінің қалыптасуы қазақтардың демографиялық эволюциясы салдарынан ғана емес, сонымен қатар басқа халықтар санының өзгеруі салдарымен де байланысты болды. Сондықтан қандай да бір этностың демографиялық тарихын жалпымемлекеттік контекстіден тыс зерттеуге болмайды. Қазақстандағы этнодемографиялық жағдайға ұзақ мерзімді шолу жасай отырып зерттеу үшін осы мақалада авторлар төрт этникалық топты белгілеп алды: қазақтар, орыстар, украиндықтар және немістер. Бұл таңдау аталған этностардың барлық тарихи кезеңдерде Қазақстан мен оның өңірлері халқының басым көпшілігін құрағандығымен түсіндіріледі. Аталған ұлттар республикалық, сондай-ақ өңірлік этнодемографиялық процестердің даму векторын анықтаған және анықтайды.

Түйінді сөздер: этнодемографиялық жағдай, қазақтар, Қазақстан, орыстар, украиндар, немістер.

УДК 314**Особенности функционирования суверенной демографической системы**

Казахстана: определяющая роль казахского этноса (2009–2019 гг.)**Аубакирова Жанна Сакеновна**

Кандидат исторических наук, директор НИЦ «Алтайтану», г.Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: zhanna_aubakirova707@inbox.ru

Алексеев Александр Николаевич

Доктор исторических наук, главный научный сотрудник НИЦ «Алтайтану», г.Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: alalexeevko56@gmail.com

Аннотация. Одним из важнейших критериев независимости Казахстана стало обретение не только политического, но и демографического суверенитета, дающего государству возможность развиваться на собственной демографической основе. Вследствие этого, проблема формирования казахстанской демографической системы, стержнем которой является казахский этнос, приобретает первостепенное значение. Становление суверенной демографической системы Республики Казахстан происходило не только вследствие демографических эволюций казахов, но и изменений в численности других народов. Для изучения этнодемографической ситуации в Казахстане в длительной ретроспективе в статье авторами обозначены четыре этнические группы: казахи, русские, украинцы, немцы. Данный выбор объясняется тем, что названные этносы составляли подавляющее большинство населения Казахстана и его регионов во все исторические периоды. Именно они определяли и определяют вектор развития как республиканских, так и региональных этнодемографических процессов.

Ключевые слова: этнодемографическая ситуация, казахи, Казахстан, русские, украинцы, немцы.

**Егеменді демографиялық жүйенің ерекшеліктері:
қазақ этносының шешуші рөлі (2009-2019 жж.)**

Ж.С. Аубакирова, А.Н. Алексеев

Кіріспе. Тәуелсіздікке қол жеткізу және егемен Қазақстанның құрылысы саяси, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-мәдени қайта құрулардың күрделі жолынан өтті. Бұл ретте мемлекет халқының демографиялық іс-әрекеттері көбіне осы қайта құрулардың табыстылығына байланысты болады. Егемен Қазақстанның демографиялық тарихы бірнеше кезеңнен өтті. Республика үшін ең күрделі кезең 1990 жылдар болды, оны ел Президенті Н.Ә. Назарбаев атап өтті: «Ұлттық қауіпсіздіктің жетекші басымдықтары дәрежесіне күшті демографиялық және көші-қон саясаты шығарылуы тиіс. Егер біздің мемлекеттік органдар бұрынғыша бұған немқұрайлы қараса, онда біз ХХІ ғасыр қарсаңында Ресейден кейін «демографиялық кірес» жағдайына кіреміз, онда халық саны сыртқы көші-қон процестерінің салдарынан ғана емес, табиғи жолмен де азаяды. Бұл үрдіс тез арада тоқтатылуы тиіс» (Назарбаев, 1997).

Ел Президентінің алғашқы жолдауынан бері жиырма жылдан астам уақыт өтті. Демографиялық көзқарас тұрғысынан – бір ұрпақтан аз уақыт. Осы қысқа тарихи кезеңде Қазақстандағы демографиялық ахуал түбегейлі өзгерді. Республикада автохтонды негізде жұмыс істейтін егеменді демографиялық жүйе құрылған. Қазақстан демографиялық егемендікке қол жеткізді деп сеніммен айтуға болады.

Қазақстанның жиырмасыншы ғасырдың басынан кешкен этнодемографиялық сілкіністері КСРО-ның саяси, әлеуметтік, экономикалық дамуының салдары болды. Республикаға көші-қон ағынының нәтижесінде оның этникалық құрамы түбегейлі өзгерді. Бұл үрдісте негізгі рөлді кеңес заманында Қазақстан халқының көпшілігін, ең алдымен қалаларда құраған славян халықтары атқарды. Нәтижесінде қазақтардың демографиялық даму ерекшелігі КСРО-ның еуропалық бөлігіне тән стандарттарға жақындатылған орташаланған республикалық

көрсеткіштерде жойылды.

Қазіргі уақытта мемлекет халқының көпшілігі қазақтар болып табылады, сыртқы көші-қонның халық санының серпініне әсері барынша аз. Демографиялық дамудың негізгі нұсқалары ел ішінде және қазақ этносының мәдени, әлеуметтік ерекшеліктеріне шоғырландырылған. Жаңа тарихта алғаш рет республиканың демографиялық жүйесі егеменді негізде жұмыс істей бастады. Оның қалыптасуының негізгі кезеңдерін анықтайық. Кеңестік кезең Қазақстанның егеменді дамуына елеулі әсер етті. КСРО-ның ыдырауы және жаңа ұлттық мемлекеттердің құрылуы бұрынғы одақтас республикалардың титулдық этностарының демографиялық, экономикалық, әлеуметтік, саяси құрылымда шешуші болатын мемлекет құрушы қызметтерді орындауға дайындығы туралы мәселені өзекті етті. Қазақстан үшін бұл мәселелер, біздің ойымызша, аса өзекті болды. Мемлекеттің этнодемографиялық дамуында «өткен шақ» көбіне қазіргі мен болашақтың мәнін анықтайды.

Республика халқының «кеңестік» тарихын екі кезеңге бөлуге болады, олардың шартты шекаралары халық санағы күндері болып табылады (1-кестені қараңыз).

1 кесте - 1926, 1939, 1959, 1970, 1979 және 1989 жылдардағы Бүкілодақтық халық санақтарының деректері бойынша Қазақстан халқының саны мен этникалық құрамы (мың адам)

	1926		1939		1959		1970		1979		1989	
	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
барлық халық	6198,0	100	6151,0	100	9294,7	100	13008,7	100	14684,3	100	16464,5	100
қазақтар	3637,5	58,5	2327,7	37,8	2787,3	30,0	4234,2	32,5	5289,3	36,0	6534,6	39,7
орыстар	1275,8	20,6	2458,7	40,0	3972,0	42,7	5521,9	42,4	5991,2	40,8	6227,5	37,8
украиндықтар	860,0	13,9	658,3	10,7	741,3	8,2	933,5	7,2	898,0	6,1	956,2	5,8
немістер	51,1	0,8	92,6	1,5	659,8	7,1	858,1	6,6	887,4	6,1	957,5	5,8
өзге этностар	254,2	4,1	613,7	10,0	1134,3	12,2	1461,0	11,2	1618,4	11,0	1788,7	10,9

Дереккөздер: Всесоюзная перепись населения 1926 г. Т.8. Казахская АССР. – М., 1928. –15-46 б., 126-153; Всесоюзная перепись населения 1939 г. ГАРФ. Ф. 1562, оп. 336, д. 338-402; Всесоюзная перепись населения 1959 г. ЦАРК. Ф. 1568, оп. 21, д. 4; Статистический сборник по отдельным показателям Всесоюзных переписей населения 1939, 1959, 1970, 1979 и 1989 гг. Алма-Ата, 1991. –7-70 б.

Бірінші кезеңнің жұмысы кезінде (1926 және 1959 жылдардағы халық санақтары) XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші ширегінде қалыптасқан халықтың этникалық құрылымы елеулі өзгерістерге ұшырады. Мәселен, 1959 жылы қазақтар саны 1926 жылмен салыстырғанда 23,2 %-ға қысқарды, бұл ретте халық 1930 жылдардың басындағы ашаршылық кезінде ең көп шығынға ұшырады. КСРО-ның басқа өңірлерінен (депортация, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы эвакуация, тың және тыңайған жерлерді игеру, индустриялық даму) келген ағым халықтың жалпы санының серпініндегі сәтсіздіктерді біршама тегістеді, бірақ республиканың этникалық құрамын түбегейлі өзгертті. 1959 жылғы халық санағының деректері бойынша Қазақстан халқы құрамындағы қазақтардың үлес салмағы 30,0 %-ды құрады (1-кестені қараңыз). Әсіресе қалаларда қазақ тілінің, ұлттық мәдениетінің маңызы едәуір азайды.

Сонымен қатар Қазақстан халқының құрамындағы әртүрлі этностардың үлес салмағын салыстыру қазақтардың өздерінің демографиялық даму бары-

сын тікелей анықтайтын үрдістерді талдауды ғылыми ойдың шеткері аймағына қалдырады. Статистика деректері бір демографиялық ұрпақ ішінде (1959-1989 жылдардағы халық санақтары арасындағы отыз жыл) қазақ этносының саны 2,34 есе ұлғайғанын анықтады. Неғұрлым жоғары өсу қарқыны (51,9 %) 1960 жылдары байқалды (1959-1970 жылдардағы халық санағы) (1-кестені қараңыз). Осылайша 1950-60 жылдары қазақтар демографиялық жарылыс жағдайын басынан кешірді. Біздің ойымызша, сол уақытта қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық қызметтің этникалық саралануы шешуші мәнге ие болғанын атап өткен жөн. Индустриялық-өнеркәсіптік қызметтерді негізінен «титулдық емес» этностар атқарды. Қазақтардың көпшілігі ауыл тұрғындары болып қала берді. Мемлекеттің әлеуметтік преференциялары (тегін медицина және білім беру, түрлі жәрдемақылар, көп балалы отбасыларды қолдау және т.б.) қолдаған бала туу дәстүрлері этностың демографиялық сипаттамаларының сапалы өзгеруіне әкелді. Бала туудың сақталып отырған деңгейі аясында өлім-жітімнің (бірінші кезекте нәрестелік) тез төмендеуінің салдары халық санының қарқынды өсуі болды. 1950-80 жылдары қазақтар жинақтаған демографиялық әлеует өткен жылдардағы шығындардың орнын толтыруға ғана емес, сонымен бірге егеменді демографиялық жүйенің табысты жұмыс істеуінің негізі болуға да мүмкіндік берді (2-кестені қараңыз).

2 кесте - 1989, 1999, 2009 жылдардағы халық санақтарының және 2019 жылғы ағымдағы статистиканың деректері бойынша Қазақстан халқының саны мен құрамы (мың адам)

	1989		1999		2009		2019	
	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
барлық халық	16464,5	100	14953,1	100	16009,6	100	18395,5	100
қазақтар	6534,6	39,7	7985,0	53,4	10096,8	63,1	12587,5	68,4
орыстар	6227,5	37,8	4509,6	30,2	3793,8	23,7	3471,0	18,9
украиндықтар	956,2	5,8	547,1	3,7	333,0	2,1	270,9	1,5
немістер	957,5	5,8	353,4	2,3	178,4	1,1	178,6	1,0
өзге этностар	1788,7	10,9	1558,0	10,4	1607,6	10,0	1887,5	10,2

Дереккөздер: Статистический сборник по отдельным показателям всесоюзных переписей населения 1939, 1959, 1970, 1979 и 1989 гг. – Алма-Ата, 1991. – 7-70 б.; Национальный состав населения РК. Т. 1. Итоги переписи населения 1999 г. в РК. – Алматы, 2000. – 6-8 б.; Национальный состав, вероисповедание и владение языками в РК. Итоги национальной переписи населения 2009 г. в РК. Статистический сборник. - Астана, 2010. – 4-6 б.; Численность населения Казахстана по отдельным этносам на начало 2019 г. Комитет по статистике Министерство Национальной экономики РК. Нур-Султан, 2019.

Статистикалық деректер көрсеткендей, XX ғ. соңы мен XXI ғ. басында Қазақстанның этникалық құрамының кезекті түбегейлі өзгеруі орын алды. 2019 жылдың құрылымы 1926 жылдағыдай болды, тек қазақтардың үлес салмағы ол кезден көп болды. 1990 жылдары еуропалық халықтардың эмиграциясы республикадағы тұрғындар санының азаюына әкелді. Кейіннен мемлекет халқы санының неғұрлым сенімді серпінін қазақтар айқындады. 1989-2019 жылдары Қазақстанда тұрғындар саны 11,2 %-ға өсті. Бұл ретте қазақтар саны 1,9 есе ұлғайды, ал орыстар – 1,8 есе, украиндықтар – 3,5 есе, немістер – 5,4 есе қысқарды. Нәтижесінде 2019 жылы халық құрамындағы қазақтардың үлес салмағы 68,4 %-ды құрады.

Посткеңестік кезеңде халықтың серпіні егеменді дамудың әлеуметтік, саяси, экономикалық ерекшеліктерін көрсететін әртүрлі компоненттердің көбірек неме-

се азырақ әсерінен өзгерді (3-кестені қараңыз).

3 кесте - 1990-2019 жылдардағы Қазақстан халқы санының өзгеру компоненттері (мың адам)

жылдар	жалпы өсім	оның ішінде			
		табиғи өсім	көші-қон өсімі	оның ішінде	
				эмиграция	иммиграция
1990-2019 оның ішінде	3625.7	5860.4	-2234.7	3969.2	1734.5
1990-2003	-522,6	1678,6	-2201,1	3364,5	1163,4
2004-2011	1516,6	1417,3	99,3	331,9	431,2
2012-2019	2631.7	2764.6	-132.9	272.8	139.9

Дереккөздер: <http://stat.gov.kz/faces/wcnavexternalid/homeNumberspopulation> (дата обращения: 20.06.18); Демографический ежегодник Казахстана. 2017. Статистический сборник/на казахском и русском языках. Министерство национальной экономики РК. Комитет по статистике. Гл. редактор Айдапкелов Н. –5, 83 б.; Central Asia Monitor, 2020, 9 марта.

XX ғасырдың соңы-XXI ғасырдың басында халық санының серпінінің эволюциясындағы жетекші компоненттер сыртқы көші-қон болды. Бұл кезеңнің (1990-2003 жж.) айрықша ерекшелігі сыртқы көші-қонның теріс сальдосы халықтың табиғи өсімінен асып кетті, нәтижесінде мемлекет халқының саны азайды.

Екінші кезеңнің хронологиялық шеңбері (2004-2011 жж.) демографиялық жағдайдағы елеулі өзгерістерді тіркейді. Бұл уақытта Қазақстан халқының саны сыртқы көші-қонның оң сальдосы есебінен де, табиғи өсім есебінен де өсті.

Қазіргі үшінші кезеңнің (2012-2019 жж.) ерекшелігі – сыртқы көші-қонның теріс сальдосын бірнеше рет жабатын табиғи өсу қарқынының ел халқы санының серпініне шешуші әсер етуі.

Берілген кезеңдердің әртүрлі хронологиялық шеңберлеріне байланысты жағдайды 4-кестеде көрсетілген орташа жылдық көрсеткіштер айқын көрсетеді.

4 кесте - 1990-2019 жылдардағы Қазақстан халқы санының өзгеру компоненттерінің орташа жылдық көрсеткіштері (мың адам)

жылдар	жалпы өсім	оның ішінде			
		табиғи өсім	көші-қон өсімі	оның ішінде	
				эмиграция	иммиграция
1990-2016 оның ішінде	107,8	187,5	-79,7	142,4	62,7
1990-2003	-37,3	119,9	-157,2	240,3	83,1
2004-2011	189,6	177,2	12,4	41,5	53,9
2012-2019	329.0	345.6	-16.6	34.1	17.5

Дереккөз: Демографический ежегодник Казахстана. 2017. Статистический сборник. Министерство национальной экономики РК. Комитет по статистике. 5, 83 б.; Central Asia Monitor. 2020. 9 марта.

4-кестенің деректерінен көші-қон қозғалыстарының қарқындылығы күрт төмендегенін көруге болады. Мәселен, 2012-2019 жылдары эмигранттардың ор-

таша жылдық саны 1990-2003 жылдарға қарағанда 7,0 есе, иммигранттар саны 4,7 есе қысқарды. Сонымен бірге табиғи өсімнің орташа жылдық көрсеткіштері 2012-2019 жылдары 1990-2003 жылдарға қарағанда 2,9 есе, 2004-2011 жылдарға қарағанда 1,9 есе көп болды.

Республикада денсаулық сақтау жүйесінің жақсаруының салдарынан болған халықтың өмір сүру ұзақтығының ұлғаюы табиғи өсім көрсеткіштерінің өсуіне айтарлықтай ықпал етті. 10 жылда (2009-2019 жж.) Қазақстанда орташа өмір сүру ұзақтығы 4,58 жылға көбейді (5-кестені қараңыз).

5 кесте - Қазақстанда 2009-2019 жылдары туылған кезде күтілетін өмір сүру ұзақтығы, жас

	2009	2019
барлық халық	68.69	73.18
ер адамдар	63.62	68.82
әйел адамдар	73.55	77.30
қала халқы	68.35	73.08
ер адамдар	62.79	68.39
әйел адамдар	73.58	77.23
ауыл халқы	68.94	73.35
ер адамдар	64.67	69.42
әйел адамдар	73.51	77.43

Дереккөз: Женщины и мужчины Казахстана. Статистический сборник: Астана, 2010. 11 б.; (www.stat.gov.kz)

2019 жылы ер адамдар 2009 жылға қарағанда 5,20 жылға, әйелдер 4,78 жылға ұзағырақ өмір сүрді. Қалалық ер адамдар өмір сүру ұзақтығында үлкен жетістіктерге жетті, олар 5,60 жылға ұзақ өмір сүре бастады. Өмір сүру ұзақтығының өсуі көп жағдайда республикадағы сәби өлімінің қысқаруының салдарынан болып табылады, 2019 жылы ол 8,35 промиллені құрады.

Осылайша көбею үрдістерінің призмасы арқылы мәселені зерттеудің өзектілігі жыл сайын артып келеді. Сонымен бірге бұл демографиялық жүйенің қазіргі заманғы жұмыс параметрлерін қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосқан сыртқы көші-қон болды. Қазақстаннан негізінен қалалардан, көшіп кету нәтижесінде халықтың көбею үрдістеріне өз үлесін қосқан еуропалық компоненттің едәуір бөлігі (бала туудың төмен көрсеткіштері және өлім-жітімнің жоғары көрсеткіштері) жойылды. Иммиграция елге дәстүрлі қасиеттің қазақ компонентін көшірді (этникалық репатрианттардың негізгі шығу орындары – Өзбекстанның, Қытайдың, Моңғолияның ауылдық жерлері екенін еске алсақ та жеткілікті). Кейбір бағалаулар бойынша тәуелсіздік кезеңінде Қазақстанға елдегі демографиялық жағдайға айтарлықтай әсер еткен 1,1 миллионға жуық этникалық репатрианттар келді. Ішкі көші-қон, өз кезегінде, қоныстандыру жүйесінің этникалық құрамын айтарлықтай өзгертті. Қазір ауыл халқының да, қала халқының да көпшілігі қазақтар.

6 кесте - 2009-2019 жылдардағы халықтың сыртқы көші-қоны (мың адам)

жылдар	иммиграция	эмиграция	миграциялық сальдо
2009	41.5	34.0	7.5

№6 кестенің жалғасы			
2010	42.1	26.5	15.6
2011	38.0	32.9	5.1
2012	28.3	29.7	-1.4
2013	24.1	24.4	-0.3
2014	16.8	28.9	-12.1
2015	16.6	30.0	-13.4
2016	13.8	34.9	-21.1
2017	15.6	37.7	-22.1
2018	12.7	41.9	-29.2
2019	12.5	45.2	-32.7
барлығы	262.0	366.1	-104.1

Дереккөз: www.stat.gov.kz

Біртіндеп этникалық репатриацияның демографиялық үрдістерге әсері азаяды (6-кестені қараңыз). 2009-2019 жылдары ол 3,3 есе қысқарды. Осы кезде эмиграция 1,3 есе өсті. Нәтижесінде 2012 жылдан бастап сыртқы көші-қонның біртіндеп өсіп жатқан теріс сальдосы қайтадан байқалды.

Сонымен республиканың демографиялық дамуы эндогендік этникалық негізде айқын байқалады. Қалай болғанда да, табиғи өсімнің 90 %-ын қазақтар айқындайды. Бірақ егеменді мәнді сипаттайтын түпкілікті тұжырымдар айту ертерек, өйткені көбею үрдістерінің эволюциясы белгілі бір дәрежеде кеңестік Қазақстанда болған оқиғалардың салдары болып табылады. Әңгіме 1950-60 жылдары қазақ этносының басынан кешкен демографиялық жарылыс және халықтың жас құрылымының өзгеруіне әлі де әсер ететін оның толқындары туралы болып отыр. «Кеңестік» демографиялық өткен кезең толқынның «шыңы» құлаған ХХІ ғасырдың оныншы жылдарында айқын көрінді (7-кестені қараңыз).

7 кесте - 2010, 2016 жылдардағы Қазақстан халқының жас құрылымы (мың адам)

Жас	2010			2016			2016 жылдан 2010 (%)		
	барлық халық	оның ішінде		барлық халық	оның ішінде		барлық халық	оның ішінде	
		қала	ауыл		қала	ауыл		қала	ауыл
барлығы	16203,3	8819,6	7383,7	17669,9	10035,6	7634,3	9,1	13,8	3,4
0-4	1643,2	780,3	862,9	1912,7	1090,1	822,6	16,4	39,7	-4,7
5-9	1191,3	563,4	627,9	1648,4	869,7	778,7	38,4	54,4	24,0
10-14	1169,4	546,3	623,1	1233,4	614,5	618,9	5,5	12,5	-0,7
15-19	1498,8	784,3	714,5	1132,1	568,4	563,7	-24,5	-27,5	-21,1
20-24	1630,5	943,6	686,9	1425,5	801,9	623,6	-12,6	-15,0	-9,2
25-29	1379,6	792,6	587,0	1641,2	1029,5	611,7	19,0	29,9	4,2
30-34	1231,3	696,2	535,1	1402,0	841,0	561,0	13,9	20,8	4,8
35-39	1153,0	649,3	503,7	1230,6	724,5	506,1	6,7	11,6	0,5
40-44	1061,1	591,4	469,7	1131,9	655,8	476,1	6,7	10,9	1,4
45-49	1108,0	620,9	487,1	1041,4	598,7	442,7	-6,0	-3,6	-9,1
50-54	916,4	517,0	399,4	1046,8	600,4	446,4	14,2	16,1	11,8

№7 кестенің жалғасы									
55-59	713,5	408,1	305,4	913,4	528,7	384,7	28,0	29,0	26,0
60-64	478,9	281,5	197,4	667,2	391,5	275,7	39,3	39,1	39,7
65-69	341,6	191,4	150,2	480,3	290,9	189,4	40,6	52,0	26,1
70+	686,7	455,3	233,4	763,0	430,0	333,0	11,1	-5,1	42,7

Дереккөз: Демографический ежегодник Казахстана. 2017 // Статистический сборник / на казахском и русском языках. Министерство национальной экономики РК, Комитет по статистике. Астана, 2017. –22-23-бб.

Демографиялық жарылыстан туындаған жас құрылымының «толқындары» мен «сәтсіздіктері» ұзақ уақыт бойы демографиялық үрдістерге қысым жасай алады. Әсері айқын болатын негізгі жас топтарын бөліп алайық. Біріншіден, бұл өкілдері «оныншы» жылдардың ортасында негізінен 50-ден 69 жасқа дейін болған демографиялық жарылыс ұрпағы (7-кестені қараңыз). 2016 жыл 2010 жылмен салыстырғанда халық құрылымындағы осы топтың үлес салмағы 15,1 %-дан 17,6 %-ға дейін ұлғайды. Болашақта негізінен қазақтардан құралған демографиялық жарылыс ұрпағы, халықтың қартаю үрдістеріне, өлімнің жалпы коэффициентінің жоғарылауына әсер етеді.

Екінші жағынан, 1980 жылдары репродуктивті әлеуетті белсенді түрде жүзеге асырған «жарылыс ұрпағы» алғашқы демографиялық толқынды тудырды. 2016 жылғы жас құрылымында толқын негізінен 25-39 жастағы балалар тобында тіркелді. Халықтың репродуктивті белсенді бөлігінің көптігі бала туудың өсуіне әкелді. Мәселен, 2016 жыл 2010 жылмен салыстырғанда 0-9 жастағы балалар саны 51,3 %-ға өсті. Егер 2010 жылы осы жас тобының халық құрамындағы үлес салмағы 17,5 %-ды құраса, 2016 жылы 20,1 %-құрады. ХХІ ғасырдың басында бала туудың айтарлықтай өсуі 1950-60 жылдардағы демографиялық жарылыстан туындаған «Бірінші толқын» өкілдерінің репродуктивті белсенділігінің салдары болып табылады.

Жас құрылымына 1990 жылдардағы дағдарыстық оқиғалар да әсер етті. Бұл уақытта бала туу саны күрт төмендеді. Мәселен, егер 1986-1987 жылдары Қазақстанда 827,9 мың бала туылса (демография тарихындағы рекордтық көрсеткіштер), ал 1996-1997 жж. – 487,7 мың немес 1,7 есе аз [2; 93-б.; 3; 31-б.]. Нәтижесінде 2016 жылдың жас құрылымында алдағы жылдары көбею деңгейі тәуелді болатын репродуктивті ұрпақ (15-24 жас) өте аз. 2016 жыл 2010 жылмен салыстырғанда оның саны 18,3 %-ға қысқарды (86-кестені қараңыз).

Осылайша кеңестік мұраның инерциясы модернизация дамуының қиындықтарымен бірге егеменді демографиялық жүйенің жұмысында өте қарама-қайшы үрдістердің пайда болуына әкеледі. Сонымен қалалық әлеуметтік тауашаларды табысты игеру үшін сапалы білім, кәсібилік және т.б. үлкен маңызға ие. Қалалық өмірдің осы және басқа стандартты өлшем шарттарының жиынтығы әрдайым туу деңгейінің төмендеуіне әкеледі. Бұл үрдіс Қазақстанда 1970-80 жылдары айқын көрінді. Бірақ оның «титулдық емес» халқын, негізінен республика қалаларында саны жағынан басым болған орыстар айқындады.

